

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

CSS5235Y



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2
Өнім күтімі	3
Қоршаған ортаны күту	3
Сәйкестік	3
Анықтама және қолдау	4

2 Сіздің өніміңіз	4
Негізгі бөлік	4
Қашықтан басқару пульті	5
Қосқыштар	6
Сымсыз динамиктер	7
Сымсыз сабуфер	7

3 Қосылу және параметрлерді орнату	8
Негізгі жабдықты қосу	8
Динамиктерді зарядтау	8
Динамиктермен/сабуфермен жұптау	9
Динамиктерді орналастыру	10
Теледидарға жалғау	10
Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу	11

4 Өніміңізді пайдалану	12
Дыбыс деңгейін реттеу	12
Дыбысты таңдау	12
Музыканы Bluetooth арқылы ойнату	13
NFC арқылы музыка ойнату	14
MP3 ойнатқышы	14
USB жад құрылғылары	15
Автоматты күту режимі	15
Зауыттық параметрлерді қолдану	15

5 Бағдарламалық құралды жаңарту	16
Бағдарламалық құрал нұсқасын тексеру	16
Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту	16

6 Өнім сипаттамалары	17
-----------------------------	----

7 Ақаулықтарды жою	18
---------------------------	----

1 Маңызды ақпарат

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Егер нұсқауларды сақтамаудан зақым келсе, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.
- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жанбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдаланбастан бұрын оны тексеріп алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе төменгі жағындағы түр тақтасында көріңіз.
- Өнімді розеткаға қоспай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.

Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!

- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.
- Осы өнімнің бөлшектері әйнектен жасалуы мүмкін. Жарақат алмас үшін және зақымданбас үшін абайлап ұстаңыз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз. Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделер немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ластану қаупі!

- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртек және сілті, т.б.).
- Батареяны қайта қате салса, жарылыс қаупі туындайды. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Батареялардың заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Өнімде/қашықтан басқару құрылғысында жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қаупі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.

Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.



Өнім күтімі

Өнімді тек ұсақ талшықты шүберектермен тазалаңыз.

Қоршаған ортаны күту

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EU еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Кәсіпқой зарядталмалы батареяны алуы үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады. Электр және электрондық өнімдер мен зарядталмалы батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Сәйкестік

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен

басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуға болады.

Анықтама және қолдау

Кеңейтілген онлайн қолдауын алу үшін келесі www.philips.com/support торабына кіріңіз:


- пайдаланушы нұсқаулығы мен жылдам бастау нұсқаулығын жүктеп алу;
 - бейне материалдарды қарау (тек кейбір үлгілер үшін қол жетімді);
 - жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауаптарды табу;
 - электрондық пошта арқылы бізге сұрақ жіберу;
 - қолдау көрсетуші өкілдермен сөйлесу.
- Тілді таңдап, өніміңіздің үлгі нөмірін енгізу үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз. Сонымен қатар, еліңіздегі тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласуыңызға да болады. Хабарласу алдында, өнімнің моделі мен сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл ақпаратты өнімнің артқы немесе астыңғы жағынан таба аласыз.

2 Сіздің өніміңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Негізгі бөлік

Бұл өнімнің негізгі құрылғысы сол және оң жақ негізгі динамиктерден тұрады.



① ЖШД көрсеткіші

Қызыл ЖШД

- Негізгі құрылғы күту режиміне ауысқанда жанады.

Ақ ЖШД

- Негізгі құрылғы қосылғанда жанады.
- Қашықтан басқару құралындағы түймені басқан сайын жанады.
- Dolby Digital дыбысы енгізілгенде екі рет жыпылықтайды.
- DTS дыбысы енгізілген кезде үш рет жыпылықтайды.

- Таңдалған HDMI ARC көзінен ешқандай дыбыс анықталмаған кезде немесе қолдау көрсетілмейтін дыбыс пішімі анықталған кезде жыпылықтайды.

Көк ЖШД

- Bluetooth режиміне ауысқанда және Bluetooth құрылғылары жұпталғанда жанады.
- Bluetooth режиміне ауысқанда және Bluetooth құрылғылары жұпталмағанда жыпылықтайды.

② NFC тегі

Bluetooth байланысын орнату үшін тегтері NFC қосылған құрылғыны түртіңіз.

③ ⏻ (Күту режимі қосылды)

Негізгі құрылғыны қосу немесе күту режиміне өткізу.

④ 🔄

Bluetooth режиміне ауыстыру.

⑤ 📶


Барлық ресурстарды ауыстырып қосу.

⑥ Дыбыс деңгейі +/-

Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.

Қашықтан басқару пульті

Бұл бөлімде қашықтан басқару құралына шолу жасалады.



① ⏻ (Күту режимі қосылды)

- Негізгі құрылғыны қосу немесе күту режиміне өткізу.

② Негізді ашу түймелері

COAX: Дыбыс көзін коаксиалды қосылымға ауыстыру.

OPTICAL: Дыбыс көзін оптикалық қосылымға ауыстыру.

AUX: аудио көзін сыртқы құрылғының қосылымына 3,5 мм ұясы немесе қызыл/ақ түсті аудио ұялары арқылы ауыстыру.

USB: USB режиміне ауыстыру.

Bluetooth: Bluetooth режиміне ауыстыру; ағымдағы Bluetooth қосылымын тоқтату үшін үш секунд басып тұрыңыз.

HDMI ARC: көзді HDMI ARC байланысына ауыстыру.

3 **⏮ / ⏭**

USB режимінде және Bluetooth режимінде алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу (тек AVRCP қолдайтын Bluetooth құрылғыларында).

4 **⏮**

USB режимінде және Bluetooth режимінде ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру (тек AVRCP қолдайтын Bluetooth құрылғыларында).

5 **BASS +/-**

Бассты көбейту немесе азайту.

6 **Дауыс реттеуші**

- **+/-:** Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- **🔊:** Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

7 **Дыбыс режимін басқару**

VOICE: Дауыс тазалығы дыбыс режимін таңдау.

MUSIC: стерео дыбыс режимін таңдау.

MOVIE: көлемді дыбыс режимін таңдау.

8 **AUDIO SYNC +/-**

Дыбыс кідірісін көбейту немесе азайту.

9 **NIGHT ON/OFF**


Түн режимін қосу немесе өшіру.

10 **TREBLE +/-**

Жоғарғы дыбыс жиілігін көбейту немесе азайту.

Қосқыштар

Бұл бөлімде осы өнімде қол жетімді қосқыштарға шолу жасалады.



1 **TO R SPEAKER**

Оң жақ негізгі динамикке қосыңыз.

2 **DC IN**

Қуат көзіне жалғау.

3 **TO L SPEAKER**

Сол жақ негізгі динамикке қосыңыз.

4 **COAXIAL**

Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы коаксиальді дыбыс шығу ұясына жалғау.

5 **↔**

- Аудио мультимедиасын ойнату үшін USB жад құрылғысына қосыңыз.
- Осы өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту.
- USB құрылғысын өзгерту.

6 **OPTICAL**

Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы оптикалық дыбыс шығу ұясына жалғау.

⑦ AUDIO IN


Мысалы, MP3 ойнатқыштан (3,5 мм ұя) дыбыс кірісі.

⑧ TO TV - HDMI OUT (ARC)

Теледидардағы HDMI (ARC) кірісіне жалғау.

Сымсыз динамиктер

Бұл өнім сымсыз көлемді дыбыс динамиктерінің жұбын береді.



* Жоғарыдағы сурет сымсыз көлемді дыбыс динамиктеріне арналған.

① ЖШД көрсеткіші

Қызыл ЖШД

- Батареяның сыйымдылығы 30% аз қалғанда (негізгі құрылғыға қойылмағанда) жанады.
- Батареяның сыйымдылығы 10% аз қалғанда (негізгі құрылғыға қойылмағанда) жанады.
- Егер динамик негізгі құрылғыға сымсыз қосылмаған болса, ЖШД қызыл және қызғылт сары түспен кезекпе-кезек жыпылықтайды.

Ақ ЖШД

- Батареяның сыйымдылығы толық немесе 30% аз қалғанда (негізгі құрылғыға қойылмағанда) жанады.
- Динамик негізгі құрылғыға сымсыз жалғанғанда (негізгі құрылғыға қойылмағанда) жанады.

Қызғылт сары ЖШД


- Көлемді динамикті зарядтау кезінде жанады (тек негізгі құрылғыға сымсыз бекітілген динамиктерге арналған).
- Егер динамик негізгі құрылғыға сымсыз қосылмаған болса, ЖШД қызыл және қызғылт сары түспен кезекпе-кезек жыпылықтайды.

②

- Көлемді дыбыс динамигін қосыңыз.
- Негізгі құрылғыдан сымсыз ажыратылғанына 4 минут өткен соң көлемді динамик автоматты түрде өшеді.

Сымсыз сабвуфер

Бұл өніммен бірге сымсыз сабвуфер береді.



① CONNECT (жалғау)

Сабвуфердің жұптау режиміне өту үшін басыңыз.

② Сабвуфер көрсеткіші

- Қуат қосылған кезде, көрсеткіш жанады.

- Сабвуфер мен негізгі құрылғы арасында сымсыз жұптау кезінде көрсеткіш ақ болып жылдам жыпылықтайды.
- Жұптау сәтті аяқталғанда, көрсеткіш ақ болып жанады.
- Жұптау сәтсіз болғанда, көрсеткіш ақ болып жай жыпылықтайды.
- Сымсыз байланыс 4 минутқа ажыратылғанда, көрсеткіш өшеді.

③ AC MAINS~

Қуат көзіне жалғау.

3 Қосылу және параметрлерді орнату

Бұл бөлім осы өнімді теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға, одан кейін оны орнатуға көмектеседі.

Бұл өнім мен қосалқы құралдардың негізгі қосылымдары туралы ақпарат алу үшін жылдам бастау нұсқаулығын қараңыз.



Ескертпе

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе төменгі жағындағы тұр тақтасында көріңіз.
- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексеріңіз.


Негізгі жабдықты қосу

Берілген DIN кабелі арқылы сол жақ негізгі динамикті оң жақ негізгі динамикке негізгі құрылғы сияқты қосыңыз. Мәліметтер үшін жылдам бастау нұсқаулығын қараңыз.

Динамиктерді зарядтау

Егер сымсыз көлемді динамик негізгі құрылғыдан алынса, оның батарея заряды сымсыз динамиктегі ЖШД арқылы көрсетіледі.

- Ақ болып жанады: толық батарея немесе сыйымдылығы 30 %-дан көп қалды
- Қызыл болып жанады: батарея қуаты төмен, 30 %-дан аз қалған
- Қызыл болып жыпылықтайды: таусылуға жақын, 10%-дан аз қалған



- 1 Динамиктерді зарядтау үшін сол және оң жақ сымсыз динамиктерді негізгі құрылғыға (сол және оң жақ негізгі динамиктер) қойыңыз.
- 2 Негізгі құрылғыны қосыңыз.
 - ↳ Зарядталу барысында сымсыз динамиктегі қызғылт сары ЖШД жанады.
 - ↳ Толық зарядталғанда, сымсыз динамиктегі қызғылт сары ЖШД өшеді.



Ескертпе

- Динамиктер шамамен 3 сағат зарядталуы мүмкін.

Динамиктермен/сабвуфермен жұптау

Негізгі құрылғыны, динамиктер мен сабвуферді қосқанда, сымсыз байланыс орнатылуы үшін сымсыз динамиктер мен сабвуфер негізгі құрылғымен (сол және оң жақ негізгі динамиктер) автоматты түрде жұптасады. Егер сымсыз динамиктер мен сабвуферден дыбыс естілмесе, жұптастыру үшін төмендегілерді орындаңыз.

Динамиктермен жұптау

- 1 Негізгі құрылғы мен сымсыз көлемді дыбыс динамиктерін қосыңыз.
 - ↳ Егер негізгі құрылғымен байланыс үзілсе, сымсыз динамиктегі қызыл және қызғылт сары ЖШД-тар кезектесіп жыпылықтайды.
- 2 Автоматты түрде жұптастыру үшін сол және оң жақ сымсыз динамиктерді негізгі құрылғыға (сол және оң жақ негізгі динамиктер) қойыңыз.
 - ↳ Егер сәтті жұптастырылса, сымсыз динамиктегі қызғылт сары ЖШД бес секундқа жанады.
 - ↳ Егер жұптаса алмаса, сымсыз динамиктегі қызыл және қызғылт сары түсті ЖШД кезектесіп жыпылықтайды.
- 3 Егер жұптаса алмаса, сымсыз динамиктерді негізгі құрылғыға қайта қойыңыз.

Сабвуфермен жұптау

- 1 Негізгі құрылғы мен сабвуферді қосыңыз.
 - ↳ Егер негізгі құрылғымен байланыс үзілсе, сабвуфердегі ақ ЖШД баяу жыпылықтайды.
- 2 Жұптастыру режиміне өту үшін сабвуфердегі **CONNECT** (жалғау) түймесін басыңыз.
 - ↳ Сабвуфердегі ақ ЖШД жылдам жыпылықтайды.
- 3 **OPTICAL** режимінде (**OPTICAL** түймесін басыңыз) қашықтан басқару құралында алты секунд ішінде «**Дыбыс деңгейі +** түймесін бір рет басыңыз, одан кейін **BASS +** түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Егер сәтті жұптастырылса, сабвуфердегі ақ ЖШД жанады.
 - ↳ Егер жұптаса алмаса, сабвуфердегі ақ ЖШД баяу жыпылықтайды.

- 4 Жұптау сәтсіз болса, жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.




Ескертпе

- Сабвуфер негізгі құрылғыға қолмен қосылғаннан кейін, көлемді дыбыс динамиктерін негізгі құрылғымен қайта қосу үшін қайтадан жұптастырыңыз.

Динамиктерді орналастыру

Ең жақсы дыбыс әсері үшін барлық динамиктерді отыратын орынға қарай орналастырыңыз және құлақ деңгейіне (отырғандағы) жақын орнатыңыз.



Ескертпе


- Көлемдік дыбыс бөлме пішіні және өлшемі, қабырға мен төбе түрі, терезелер мен шағылыстыратын беттер және динамик акустикасы сияқты факторларға байланысты. Оңтайлы параметрді табу үшін динамик орындарымен тәжірибелер өткізіңіз.

Динамиктерді орналастыру үшін мына жалпы нұсқауларды орындаңыз.

- 1 Отырған орын:
Бұл тыңдау аймағының ортасы.
- 2 Негізгі құрылғыны (сол және оң жақ негізгі динамиктерді) отыратын орынның алдына қойыңыз.
- 3 L/R көлемді дыбыс динамиктері (сол/оң):
Артқы көлемдік динамиктерді отырған орынның сол жағына және оң жағына, онымен бір қатарға немесе оның артында қойыңыз.
- 4 SUBWOOFER (сабвуфер)
Сабвуферді теледидардан кемінде бір метр солға немесе оңға орнатыңыз. Қабырғадан шамамен 10 сантиметр бос аралық қалдырыңыз.

Көлемдік динамиктерді бекіту

Мысалы, телешоулар мен жаңалықтар көру сияқты дыбысты тыңдау үшін көлемдік динамиктерді негізгі құрылғыға бекітуге де болады.




Теледидарға жалғау

Бұл өнімді теледидарға қосыңыз. Бұл өнімнің динамиктері арқылы теледидар бағдарламаларының аудиосын тыңдауыңызға болады.

Теледидарға HDMI (ARC) арқылы қосылу

Ең жақсы сапалы дыбыс

Бұл өнім Дыбысты қайтару арнасы (ARC) мүмкіндігі бар HDMI көзін қолдайды. Теледидар HDMI ARC көзімен үйлесімді болса, бір HDMI кабелін пайдаланып, теледидар дыбысын осы өнім арқылы естіуіңізге болады.



- 1 Жоғары жылдамдықты HDMI кабелімен оң жақ негізгі динамиктері **HDMI OUT (ARC)** қосқышын теледидардағы **HDMI ARC** қосқышына қосыңыз.
 - Теледидардың **HDMI ARC** қосқышының белгісі басқа болуы мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- 2 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.



Ескертпе

- Теледидар HDMI ARC көзімен үйлесімді болмаса, теледидар дыбысын осы өнімнің динамиктері арқылы есту үшін дыбыстық кабельді қосыңыз (ақыдасу 'Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу' бет 12).
- Теледидардың DVI қосқышы бар болса, теледидарға қосылу үшін HDMI/DVI адаптерін пайдалануға болады. Бірақ кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу

Бұл өнімнің динамиктері арқылы теледидар немесе басқа құрылғылардың дыбысын ойнатыңыз.

Бұл өнімде, теледидарда және басқа құрылғыларда қол жетімді ең жақсы сапалы қосылымды пайдаланыңыз.




Ескертпе

- Бұл өнім мен теледидар **HDMI ARC** арқылы қосылған кезде, дыбыстық қосылым қажет емес.

1-параметр: Дыбысты сандық оптикалық кабель арқылы қосу


Ең жақсы сапалы дыбыс



- 1 Оптикалық кабельмен бұл өнімнің оң жақ негізгі динамигіндегі **OPTICAL** қосқышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **OPTICAL OUT** қосқышына қосыңыз.
 - Сандық қосқышта **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** белгісі болуы мүмкін.

2-параметр: Дыбысты сандық коаксиалды кабель арқылы қосу

Ең жақсы сапалы дыбыс




- 1 Коаксиалды кабельмен бұл өнімнің оң жақ негізгі динамигіндегі **COAXIAL** қосқышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **COAXIAL/DIGITAL OUT** қосқышына қосыңыз.

- Сандық коаксиалды қосқышта **DIGITAL AUDIO OUT** белгісі болуы мүмкін.

3-параметр: Дыбысты аналогтық дыбыстық кабельдер арқылы жалғау

Қарапайым сапалы дыбыс



- 1 Аналогтық кабельмен бұл өнімнің оң жақ негізгі динамигіндегі **AUDIO IN** қосқышын (3,5 мм ұя) теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **AUDIO OUT** қосқыштарына (қызыл және ақ) қосыңыз.
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **AUX** түймесін ең жоғарғы дыбыс деңгейі естілгенше бір рет немесе екі рет басыңыз.

4 Өніміңізді пайдалану

Бұл бөлім қосылған құрылғылардан дыбысты ойнату үшін осы өнімнен пайдалануға көмектеседі.

Бастау алдында

- Қысқа бастау нұсқаулығында және пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз.
- Бұл өнімді басқа құрылғыларға арналған дұрыс көзге ауыстырыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету үшін **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.
 - Дыбысты өшіру үшін, **■** түймесін басыңыз.
 - Дыбысты қалпына келтіру үшін, **■** түймесін қайтадан басыңыз немесе **Дыбыс деңгейі +/-** түймесін басыңыз.
- ➔ Егер дыбыс деңгейі ең жоғарғы деңгейге немесе ең төменгі деңгейге орнатылса, оң жақ негізгі динамиктегі ақ түсті ЖШД екі рет жыпылықтайды.

Дыбысты таңдау

Бұл бөлім бейне немесе музыка үшін тамаша дыбысты таңдауға көмектеседі.

Дыбыс режимі

Бейнеге немесе музыкаға сай алдын ала анықталған дыбыс режимдерін таңдаңыз.

- Көлемдік тыңдау тәжірибесін жасау үшін **MOVIE** түймесін басыңыз. Фильм көруге ыңғайлы.
- Стерео дыбысты жасау үшін **MUSIC** түймесін басыңыз. Музыканы тыңдау үшін тамаша.
- Адам дауысын тыңдау үшін анығырақ және ерекше ететін дыбыс әсерін жасау мақсатында **VOICE** түймесін басыңыз.

Эквалайзер

Бұл өнімнің жоғарғы жиілік (жоғарғы дыбыс жиілігі) және төменгі жиілік (басс) параметрлерін өзгертіңіз.

- 1 Жиілікті өзгерту үшін **TREBLE +/-** немесе **BASS +/-** түймесін басыңыз.
 - ➔ Жоғары дыбыс жиілігі немесе төмен дыбыс жиілігі ең жоғарғы деңгейге немесе ең төменгі деңгейге орнатылса, оң жақ динамиктегі ақ түсті ЖШД екі рет жыпылықтайды.

Бейне мен дыбысты синхрондау

Егер дыбыс пен бейне синхрондалмаған болса, дыбысты бейнеге сай болатындай кідіртңіз.

- 1 Дыбысты бейнемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.
 - **AUDIO SYNC +** дыбыс кідірісін көбейтеді, ал **AUDIO SYNC -** дыбыс кідірісін азайтады.
 - ➔ Дыбыс кідірісі мәні ең жоғарғы деңгейге немесе ең төменгі деңгейге орнатылса, оң жақ динамиктегі ақ түсті ЖШД екі рет жыпылықтайды.

Түн режимі

Ақырын тыңдау үшін түнгі режим дыбыс ойнатылған кезде қатты дыбыстардың деңгейін төмендетеді. Түн режимі тек Dolby Digital динамиктері үшін қол жетімді.

- 1 Түн режимін қосу немесе өшіру үшін **NIGHT ON/OFF** түймесін басыңыз.

Музыканы Bluetooth арқылы ойнату

Bluetooth арқылы өніміңізді Bluetooth құрылғысымен (iPad, iPhone, сенсорлы iPod, Android телефоны немесе ноутбук сияқты) қосыңыз, сонда құрылғыда сақталған дыбыстық файлдарды осы өнімнің динамиктері арқылы тыңдай аласыз.

Қажетті әрекеттер

- A2DP Bluetooth профилін қолдайтын және 4.1 Bluetooth нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
- Негізгі жабдық (сол және оң жақ динамиктері) пен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).

- 1 Бұл өнімді Bluetooth режиміне ауысу үшін қашықтан басқару құралындағы **Bluetooth** түймесін басыңыз.
 - ➔ Оң жақ негізгі динамиктегі көк түсті ЖШД жыпылықтайды.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth қызметін қосыңыз, байланысты бастау үшін **Philips CSS5235Y** опциясын іздеп тауып, таңдаңыз (Bluetooth қызметін қосу жолы туралы Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).
 - ➔ Қосылым кезінде оң жақ негізгі динамиктегі көк түсті ЖШД жыпылықтайды.
- 3 Бұл өнімнен сигнал дыбысы естілгенше күтіңіз.
 - ➔ Оң жақ негізгі динамиктегі көк түсті ЖШД жанады.
 - ➔ Егер сәтті қосылмаса, оң жақ негізгі динамиктегі көк түсті ЖШД үзіліссіз жыпылықтайды.

- 4 Bluetooth құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.
 - Ойнату кезінде қоңырау қабылданса, музыка ойнату уақытша тоқтатылады.
 - Егер Bluetooth құрылғысы AVRCP профилін қолдайтын болса, әуенді өткізу үшін қашықтан басқару құралындағы **◀▶** түймесін басыңыз немесе ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
- 5 Bluetooth құрылғысынан шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.
 - Bluetooth режиміне қайта ауысқанда Bluetooth байланысы белсенді болып қалады.



Ескертпе

- Музыка ағыны құрылғы мен осы өнім арасындағы қабырға, құрылғыны жабатын металл корпус немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін жақын жердегі басқа құрылғылар сияқты кедергілерден үзілуі мүмкін.
- Бұл өнімді басқа Bluetooth құрылғысымен қосқыңыз келсе, ағымдағы Bluetooth қосылымын тоқтату үшін қашықтан басқару құралындағы **ⓧ** түймені басып тұрыңыз.

NFC арқылы музыка ойнату

NFC (жақын арадағы байланыс) мобильді телефондары сияқты NFC-қосылған құрылғылары арасындағы қысқа ауқымды сымсыз байланысты іске қосатын технология болып табылады.

Қажетті әрекеттер

- NFC функциясы бар Bluetooth құрылғысы.
- Жұптастыру үшін осы өнімнің **NFC** тегіндегі NFC құрылғысын түрттіңіз.
- Негізгі жабдық (сол және оң жақ динамиктері) пен NFC құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).

- 1 Bluetooth құрылғысындағы NFC іске қосыңыз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 2 Бұл өнімнен сигнал дыбысы естілгенше осы өнімнің **NFC** тегіндегі NFC құрылғысын түрттіңіз.
 - ↳ Оң жақ негізгі динамиктегі көк түсті ЖШД жанады және NFC құрылғысы бұл өнімге Bluetooth арқылы қосылады.
 - ↳ Егер сәтті қосылмаса, оң жақ негізгі динамиктегі көк түсті ЖШД үзіліссіз жыпылықтайды.
- 3 NFC құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдап, ойнатыңыз.
 - Қосылымды тоқтату үшін осы өнімде **NFC** тегі бар NFC құрылғысын қайта түрттіңіз.

MP3 ойнатқышы

Дыбыстық файлдарды немесе музыканы ойнату үшін MP3 ойнатқышын қосыңыз.

Қажетті әрекеттер

- MP3 ойнатқышы.
 - 3,5 мм стерео дыбыстық кабелі.
- 1 3,5 мм стерео аудио кабельмен MP3 ойнатқышын оң жақ негізгі динамиктегі **AUDIO IN** коннекторына жалғаңыз.
 - 2 Дыбыстық файлдарды немесе музыканы таңдау және ойнату үшін MP3 ойнатқышындағы түймелерді басыңыз.
 - 3 Қашықтан басқару құралындағы **AUX** түймесін ең жоғарғы дыбыс деңгейі естілгенше бір рет немесе екі рет басыңыз.
 - MP3 ойнатқышында дыбыс деңгейін ең жоғарғы 80% дыбыс деңгейі ауқымында орнату ұсынылады.

USB жад құрылғылары

MP3 ойнатқышы және USB флэш жады, т.б. сияқты USB сақтау құрылғысындағы дыбысты тыңдаңыз.

Қажетті әрекеттер

- FAT немесе NTFS файлдық жүйелерімен пішімделген және көлемдік жад сыныбына үйлесімді USB жад құрылғысы
- USB сақтау құрылғысындағы MP3 немесе WMA файлы

- 1 USB жад құрылғысын осы өнімге қосыңыз.
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **USB** түймесін басыңыз.
- 3 Ойнатуды басқару үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

Түйме	Әрекет
▶	Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.
◀/▶	Алдыңғы немесе келесі әуенге өту.
USB	Ойнату кезінде ажыратып қосу үшін басыңыз: барлық жолдарды қайталау және қайталауды өшіру.
Қайталап ойнату көрсеткіші	
- Егер қайталау режимі қосылып тұрса, негізгі құрылғыдағы ақ түсті ЖШД бір рет жыпылықтайды. - Егер қайталау режимі өшіп тұрса, негізгі құрылғыдағы ақ түсті ЖШД екі рет жыпылықтайды.	



Ескертпе

- Бұл өнім Windows Media Player арқылы түрлендірілетін WMA файлдарын қолдайды (басқа файл пішімінің түрлендіргіштері арқылы түрлендірілген WMA файлдары жұмыс істемейі мүмкін).
- Егер USB сақтау құрылғысында үлкен мультимедиялық кітапхана болса, ол мазмұндарды жүктеу шамалы уақыт алуы мүмкін.
- Бұл өнім USB сақтау құрылғысының белгілі бір түрлерімен үйлесімді болмауы мүмкін.
- USB ұзарту кабелін пайдалансаңыз, USB хабы немесе USB мульти оқу құрылғысы, USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Сандық камераның RTP және MTP протоколдарына қолдау көрсетілмейді.
- USB сақтау құрылғысы оқылып жатқанда, оны шығарып алмаңыз.
- DRM көмегімен қорғалған музыка файлдарына (MP3, WMA) қолдау көрсетілмейді.
- USB портын қолдау: 5 В --- 1 А.

Автоматты күту режимі

Жалғанған құрылғыдағы мультимедияны ойнатқанда, 15 минут бойы ешбір түйме басылмаса және жалғанған құрылғыдан дыбыс/бейне ойнатылмаса, бұл өнім күту режиміне автоматты түрде өтеді.

Зауыттық параметрлерді қолдану

Бұл өнімді зауытта бағдарламаланған әдепкі параметрлерге қалпына келтіре аласыз.

- 1 AUX режимінде қашықтан басқару құралындағы **Дыбыс деңгейі -**, **BASS -** және **TREBLE -** түймелерін кезекпен үш секунд ішінде басыңыз.
 - ➔ Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру аяқталған кезде бұл өнім автоматты түрде өшеді және қайта іске қосылады.

5 Бағдарламалық құралды жаңарту

Ең жақсы мүмкіндіктерді және қолдауды алу үшін бұл өнімді соңғы бағдарламамен жаңартыңыз.

Қажетті әрекеттер

- Бұл өнімді теледидарға HDMI арқылы жалғаңыз.



Ескертпе

- Көлемді динамиктерді негізгі құрылғыға (сол және оң жақ негізгі динамиктер) көлемді динамиктердің мүмкіндіктерін өзгертуге болатындай етіп қойыңыз.

Бағдарламалық құрал нұсқасын тексеру

- 1 HDMI ARC режиміне ауыстырыңыз (HDMI ARC түймесін басы).
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **TREBLE -**, **BASS -** және **Дыбыс деңгейі -** түймелерін үш секунд ішінде бірінен соң бірін басыңыз.
 - ↳ Ағымдағы бағдарламалық құрал ақпараты теледидардың экранында көрсетіледі.

Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту

- 1 Ең соңғы бағдарламалық құрал нұсқасын www.philips.com/support бетінен тексеріңіз.
 - Үлгіні іздеп, «Бағдарламалық құрал мен драйверлер» санатын басыңыз.
- 2 Бағдарламалық құралды USB жад құрылғысына жүктеп алыңыз.

- ① Жүктелген файл мұрағатталған болса, оны мұрағаттан шығарып, мұрағаттан шығарылған файлдың ішінде келесі екі файл бар екенін тексеріңіз.

«CSS5235.bin» (негізгі құрылғының бағдарламалық құралына арналған) «MCU5235.bin» (көлемді динамиктердің бағдарламалық құралына арналған)

- ② «CSS5235.bin» және «MCU5235.bin» файлын USB құрылғысының түбірлік каталогына қойыңыз.

- 3 USB жад құрылғысын осы өнімнің  қосқышына жалғаңыз.
- 4 Бұл өнімді HDMI ARC көзіне ауыстырып, теледидарыңызды HDMI көзіне ауыстырыңыз.
- 5 Қашықтан басқару құралындағы  түймесін 6 секунд ішінде екі рет және **Дыбыс деңгейі +** түймесін бір рет басыңыз, одан кейін **MOVIE** түймесін теледидардың экранында жаңарту хабары көрсетілгенше басып тұрыңыз.
 - ↳ Жаңарту медиасы анықталса, теледидар экранында жаңартуды бастауға шақырыласыз.
 - ↳ Жаңарту медиасы анықталмаса, теледидар экранында қате хабар көрсетіледі. Бұл өнімнің соңғы бағдарламасы USB сақтау құрылғысына салынғандығын тексеріңіз.
- 6 Жаңартуды бастау үшін  түймесін басыңыз.
- 7 Жаңарту аяқталғанша күтіңіз.
 - ↳ Жаңарту аяқталса, бұл өнім автоматты түрде өшеді және қайтадан қосылады.



Ескерту

- Бағдарламалық құралды жаңарту орындалып жатқанда қуатты өшіріңіз немесе USB жад құрылғысын алып тастаңыз, себебі ойнатқыш зақымдалуы мүмкін.

6 Өнім сипаттамалары



Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар және дизайн ескертусі өзгертілуі мүмкін.

Күшейткіш

- Жалпы шығыс қуаты: 200 Вт ОКМ (+/- 0,5 дБ, 10% THD)
- Жиілік жауабы: 20 Гц-20 кГц / ± 3 дБ
- Сигнал-шу қатынасы: > 65 дБ (CCIR) / (А-өлшенген)
- AUX кірісінің сезімталдығы:
 - 400 мВ +/- 100 мВ (3,5 мм ұясы бар сыртқы құрылғыға қосуға арналған)
 - 800 мВ +/- 100 мВ (қызыл және ақ түсті аудио ұялары бар сыртқы құрылғыға қосуға арналған)

Дыбыс

- S/PDIF сандық дыбыс кірісі:
 - Коаксиалды: IEC 60958-3
 - Оптикалық: TOSLINK

Bluetooth

- Bluetooth профайлдары: A2DP
- Bluetooth нұсқасы: 4.1
- Жиіліктер диапазоны/шығыс қуаты: 2400–2483,5 МГц / ≤ 20 дБм
- NFC жиілігі: 13,56 МГц

Сымсыз динамикпен қосу

- Жиіліктер диапазоны: 5725–5875 МГц
- Шығыс қуаты: ≤ 14 дБм

Негізгі құрылғы (сол және оң жақ негізгі динамиктері)

- Қуаттың қамтамасыз етілуі:
 - Үлгі (Philips маркалы айнымалы ток қуат адаптері): DYS602-210309W; AS650-210-AA309
 - Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц, 1,5 А
 - Шығыс: 21 В $\approx$, 3,09 А
- Күту режиміндегі қуат тұтыну: $\leq 0,5$ Вт
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 128 x 221 x 128 мм
- Салмағы
 - Сол жақ негізгі динамик: 1,11 кг
 - Оң жақ негізгі динамик: 1,29 кг
- Кірістірілген динамиктер
 - 2 x вуфер (76,2 мм/3", 8 Ом)
 - 2 x твитер (25,4 мм/1", 8 Ом)

Көлемдік динамиктер

- Динамик кедергісі: 8 Ом
- Динамик драйверлері: 2 x 63,5 мм (2,5") толық ауқым
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 120 x 117 x 120 мм
- Салмағы: әрқайсысы 0,66 кг

Сабвуфер

- Қуат көзі: 110-240 В~, 50-60 Гц
- Қуат тұтыну: 35 Вт
- Күту режиміндегі қуат тұтыну: $\leq 0,5$ Вт
- Кедергі: 3 ом
- Динамик драйверлері: 1 x 133 мм (5,25") вуфер
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 226 x 251 x 306 мм
- Салмағы: 4,0 кг

Қашықтан басқару құралының батареялары

- 1 x AAA-R03-1,5 В

Күту режимінде қуатты басқару

- 15 минут бойы әрекетсіз тұрса, өнім күту режиміне немесе желілік күту режиміне автоматты түрде ауысады.
- Күту режиміндегі немесе желілік күту режиміндегі қуатты тұтыну 0,5 Вт-тан азырақ болады.
- Bluetooth қосылымын өшіру үшін қашықтан басқару құралында Bluetooth түймесін басып тұрыңыз.
- Bluetooth қосылымын белсендіру үшін Bluetooth құрылғыңызда Bluetooth қосылымын белсендіріңіз немесе Bluetooth қосылымын NFC тегі (бар болса) арқылы қосыңыз.

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Ток соғу қаупі. Өнімнің корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Егер осы өнімді пайдалануды мәселелер бар болса, қызметті сұрау алдында мыналарды тексеріңіз. Егер мәселе әлі бар болса, www.philips.com/support бетінде қолдау алыңыз.

Негізгі бөлік

Бұл өнімдегі түймелер жұмыс істемейді.

- Бұл өнімді қуат көзінен бірнеше минутқа ажыратып, қайтадан қосыңыз.

Дыбыс

Бұл өнімнің динамиктерінде дыбыс шықпады.

- Бұл өнімдегі аудио кабельді теледидар немесе басқа құрылғыларға қосыңыз. Дегенмен, бұл өнім мен теледидар **HDMI ARC** қосылымы арқылы қосылғанда бөлек аудио қосылым қажет емес.
- Бұл өнімнің зауыттық параметрлерін қалпына келтіріңіз.
- Қашықтан басқару құралында дұрыс дыбыс кірісін таңдаңыз.
- Бұл өнімнің дыбысы өшірілгендігін тексеріңіз.

Сымсыз көлемдік динамиктерден ешқандай дыбыс жоқ.

- Динамиктерді негізгі құрылғыға сымсыз түрде қосыңыз.
- Батареяны зарядтау үшін сымсыз көлемдік динамиктерді негізгі құрылғыға бекітіңіз.

Сымсыз сабвуферден ешқандай дыбыс жоқ.

- Сабвуферді негізгі құрылғыға сымсыз түрде қосыңыз.

Бұрмаланған дыбыс немесе жаңғырық.

- Бұл өнім арқылы теледидардан дыбыс ойнатсаңыз, теледидар дыбысын өшіріңіз.

Дыбыс пен бейне синхрондалмаған.

- Дыбысты бейнемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.

Bluetooth

Құрылғыны осы өніммен қосу мүмкін емес.

- Құрылғы осы өнімге қажетті үйлесімді профайлдарды қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясын қоспағансыз. Функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Құрылғы дұрыс қосылмаған. Құрылғыны дұрыстап қосыңыз.
- Бұл өнім басқа бір Bluetooth құрылғысына әлдеқашан қосылған. Қосылған құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысынан дыбыс ойнату сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын жылжытыңыз немесе құрылғы мен осы өнім арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысы тұрақты түрде қосылады және ажыратылады.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын жылжытыңыз немесе құрылғы мен осы өнім арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Кедергіні болдырмау үшін Bluetooth құрылғысындағы Wi-Fi функциясын өшіріңіз.
- Кейбір Bluetooth үшін қуатты үнемдеу мақсатында Bluetooth қосылымын автоматты түрде ажыратуға болады. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

NFC

Құрылғыны NFC арқылы осы өніммен қосу мүмкін емес.

- Құрылғыға NFC тарапынан қолдау көрсетілгендігін тексеріңіз.
- NFC құрылғыда іске қосылғандығын тексеріңіз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- Жұптастыру үшін осы өнімнің **NFC** тегіндегі NFC құрылғысын түртіңіз.



For DTS patents, see <http://patents.dts.com>.
Manufactured under license from DTS Licensing Limited. DTS, the Symbol, & DTS and the Symbol together are registered trademarks, and DTS Digital Surround is a trademark of DTS, Inc. © DTS, Inc. All Rights Reserved.



Manufactured under license from Dolby Laboratories. Dolby, Pro Logic, and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing LLC in the United States and other countries.



The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by Gibson Innovations is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.



The N Mark is a trademark or registered trademark of NFC Forum, Inc. in the United States and in other countries.

Кассалық және тауарлық
чектердің жапсыру орны

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы*

Модель:

Толтырылуы міндетті

Сериялық нөмір:

Толтырылуы міндетті

Сату уақыты:

Толтырылуы міндетті

САТУШЫ:

Сауда ұйымының атауы:


Толтырылуы міндетті

Сауда ұйымының телефоны:

Толтырылуы міндетті

Мекенжай және E-mail:

Толтырылуы міндетті



Құралды жарамды күйде, толық жиынтылықта, орыс тіліндегі пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен алдым. Барлық техникалық сипаттамаларымен, атқарымдық мүмкіндіктерімен және пайдалану ережелерімен таныстым. Құрал қаралды және менің қатысуымен тексерілді, сапасы мен сыртқы түріне наразылықтар жоқ. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және кепілдемелік талонда көрсетілген барлық нұсқауды орындауға міндеттенемін және құралдың барлық пайдаланушыларымен орындалуына кепіл боламын. Кепілдік шарттарымен таныстым және келісемін.

(ТАӘ және сатып алушының қолы)

Назар аударыңыз! Сатушы кепілдік талонды толық толтыруын талап етіңіз!

Кепілдік талон кате немесе толық емес толтырылған жағдайда, сатушының мөрі және сатып алушының қолы қойылмаса жарамсыз болып табылады. Сатып алу туралы кассалық және тауарлық чектер осы кепілдік талонға жапсырылуы тиіс.

Құрметті Сатып алушы!

Philips сауда белгісінің бұйымын сатып алғаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз

Бұйымды сатып алу кезінде кепілдік талонның дұрыс толтырылғандығын тексеруіңізді қатаал өтінеміз. Сіздің сатып алған бұйымыңыздың сериалдық нөмірі және моделінің атауы кепілдік талондағы жабамен сәйкес болуы тиіс. Талонға зақажандық өңгерістерді, түзелулерді енгізуге болмайды. Егер Сіз бұйымды сатып алғанда кепілдік талон қате немесе толық емес толтырыптан, сонымен қатар чек кепілдік талонға жаңсырылмаған жағдайда – сатушыға дереку барыныз.

[illegible][illegible]

Кепілдіктің мерзімі және шарттары:

Бұйымның атауы	Кішілемелік мерзімі**	Қызметкөрсету мерзімі**
Үй киносағры.	1 жыл	5 жыл
Стационарлық аудиобейне жүйелері, ойнатқыштар, тасымалданатын және автоматтандырылған, автокөлік медиаторгалықтар, күшейткіштер.	1 жыл	3 жыл
Портативті құрылғылар, тасымалданатын ойнатқыштар, компьютерлік периферия, автокөлік акустика, жеке қабылдаушы құрылғылар.	1 жыл	1 жыл

****** егер беру уақытын анықтау мүмкін емес жағдайында, тұтынушыға тауарды беру уақытынан бастап септеліледі... Құралдың шығарылу уақытын Сіз сериялық нөмірі бойынша ([text.A4JЖЗХХХХ](#), онда АА – ЖД атама күні, Х – кез келген таңба) анықтай аласыз. Мысалы: A402162M123456 – шығарылған уақыты 2016 жылдың 28 тамызы. Шығарылған уақытын анықтау үшінға соңғын жағдайдағы Аудиторлық Ойластырма хабарластыңыз өтінісіз.

Бұл кәсіпмелілік тек қазақ жаса, жазылым, үй және басқа қажеттіліктерге тіпті сатып алынған және қолданылатын толық идентификациялық ақпаратты қамтитын, кәсіпкерлік әрекетті жүзеге асырумен байланысты емес құралды қарастырады. Қызмет көрсету мерзімі аяқталған соң, профессионалдық жұмыстарды жүзеге және кейінірек, құралды пайдалану жөніндегі кеңестермен танысу үшін авторизациясыз қызмет көрсету орталығына хабарласңыз. Кәсіпмелілік қызмет көрсету заңнамалар сәттарынан пайда болған құралмен байланысты келесі жағдайларды қарастырмайды:

1. Тұтынушы құралмен байланысты пайдалану, сақтау немесе тасымалдау ережелерін бұзу.

- [illegible]

Кепілдемсілік, сонымен қатар, шығын заттары мен аксессуарларға, соның ішінде келесілерге шектелмейді: құлаққаптар, қаптамалар, байланыс сым желілер, әйнектен бұйымдар, ауыспалы шамдар, батареялар және аккумуляторлар, сактау экрандауы, қолдану мерзімі шектелген басқа бөліктер жатады.

РФ Қызмет көрсету орталықтары: Мәскеу қ., 1-ші Варшавский даңғ., 1а үй, 3 қим.; С. Петербург, Ланское ш., 65 үй. Сізге жақын орналасқан басқа қызмет көрсету орталықтары туралы толығырақ ақпаратты, олардың жұмыс уақыты, сондай-ақ Сіз Ақпараттық Отырақ келесі телефон нөмірі бойынша ала аласыз:

Мемлекет	Ресей	Беларусь	Қазақстан*
Телефон	8 800 200 0880 (РФ, соның ішінде ұялы телефондар арқылы қоңырау шалу тегін), 8 (495) 961-1111	8 820 0011 0068 (БҰ аймағында, соның ішінде ұялы телефондар арқылы қоңырау шалу тегін)	8 800 080 01 23 Қазақстан аймағында, соның ішінде ұялы телефондар арқылы қоңырау шалу тегін)
Веб-сайт	www.philips.ru	www.philips.by	www.philips.kz

Өндірішті құрылымына, сыртқы пішініне, жағынтығына, құралдың техникалық сипаттамаларына еш ескертусіз өзгерістер енгізуге өз құқығын қадірлады. Өзекті ақпарат өндірішті сайтында қол

жетімді.
KZ NOV

*Көпідік: талоннын мәтінін қазак тілінде алу үшін. Филлис ақпараттық отатызғына немесе www.philips.kz веб-сайтына хабарласыңыз.



Specifications are subject to change without notice

Copyright © 2015 Gibson Innovations Limited. Revised Edition © 2017

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

